№116
(20589)

Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

3 тамыз, бейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ www.instagram.com/syrboyi_kz https://twitter.com/syrboyi t.me/syrboyi_kz

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТҚА БАЙЫПТЫ КӨЗҚАРАС ҚАЖЕТ

ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында машина жасау саласын және бұқаралық спортты дамыту, сонымен қатар салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері қаралды.

Министрлер аталған салалар бойынша баяндады. Сондай-ақ, бірқатар өңір әкімдері атқарылған жұмыстар туралы хабарлама жасады.

Үкімет отырысынан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Премьер-министр берген тапсырмаларды пысықтау мақсатында жиын өткізді. Биылғы I жартыжылдықтың қорытындысы бойынша Қызылорда облысының машина жасау саласы кәсіпорындары 12,1 млрд теңгеге қызмет көрсеткен.

2-бет

САПАР

Суреттерді түсірген Н.Нұржаубай

ӘЛЕУМЕТТІК БАСПАНА hәм КИЕЛІ ОРЫНДАР

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қармақшы ауданына жұмыс сапары кезінде халықтың әлеуметтік осал топтарына сатып алынатын 50 тұрғын үйдің дайындығымен танысты.

Елімізде «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы шеңберінде «Тұрғын үй саласындағы іс-шараларды іске асыру» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бағдарлама аясында биыл халықтың әлеуметтік осал топтарына коммуналдық тұрғын үй қорынан 50 тұрғын үй сатып алуға Ұлттық қордан Қармақшы ауданына 480 млн теңге қаржы бөлінген. Осы қаржыға аудан орталығынан 50 тұрғын үй сатып алу жоспарланған.

Бүгінгі күні 12 үй пайдалануға беруге дайын. Әрбір пәтердің орташа аумағы – 60 шаршы метр.

Аймақ басшысы қалған үйлерді де уақытылы пайдалануға беріп, дайындық жұмыстарының сапасын жіті қадағалауды тапсырды.

Облыс әкімі Қармақшы ауданына жұмыс сапарында киелі орындардың жағдайымен танысты. Оларды жөндеу, жаңғырту және абаттандыру жұмыстарын көрді.

2-бет

ҮКІМЕТ БАСШЫЛАРЫ АЛМАТЫДА КЕЗДЕСТІ

Алматыда Қазақстан Премьер-министрі Әлихан Смайылов пен Грузия Премьер-министрі Ираклий Гарибашвили сауда, көлік және логистика салаларындағы ынтымақтастықтың негізгі мәселелерін талқылады.

Осы жылдың 6 айында өзара сауда көлемі шамамен 30%-ға өсіп, $190 млн құраған.

Премьер-Министр екіжақты қарым-қатынаста транзиттік-көлік секторындағы ынтымақтастыққа басымдық берілетінін атап өтті. Мәселен, бүгінде екі ел арасында Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамыту аясындағы әріптестік қарқынды нығайып келеді. Өткен жылдың 6 айының қорытындысына сәйкес, Орта дәліз бойынша жүктерді тасымалдау көлемі 77%-ға өсіп, 1,3 млн тонна болған.

«Біз аймақтың көлік байланысын арттыруға және транзиттің жағдайын жүйелі түрде жақсартуға мүдделіміз. Жалпы алғанда, Қазақстан Үкіметі Қазақстан-Грузия әріптестігінің барлық сала бойынша серпінді дамуын қамтамасыз ету үшін көп жоспарлы жұмысты жалғастыруға ниетті екенін ерекше атап өткім келеді», – деді Премьер-министр.

Өз тарапынан Ираклий Гарибашвили Қазақстанмен тиімді өзара іс-қимылды нығайтуға дайын екенін растады.

АПЫР-АЙ, Ә!



ШЕТЕЛДЕ ЖҮР ЖАЛДАНЫП, ТАЛАЙ ҚАЗАҚ БАЛАСЫ

Біз бұл тақырыпқа санаулы күн бұрын ғана тоқталып, «Кәрі құрлықты кезгендер немесе қазақ жастары қайда жүр?» деген мақала жариялаған едік. Осы жолы жырақта жүрген қазақ азаматтарының жағдайына, тіршілік тынысына тағы бір тереңдей зер салып көрдік. Әлеуметтік желіні ашсаңыз жан-жақтан жұмыс іздегендерді кездестіруге болады. Екі қолға бір күрек таппағандар шетелге барып, нәпақа табуда. Кейінгі кезде Англия, Корея, АҚШ-қа қара жұмыс істеуге баратындар көбейді. Тіпті желіде ашықтан-ашық жарнамалар жасап, расымен айына миллиондап қаржы табуға болатынын айтады. Мәселен, өткенде бір қазақ жігіті Англияда егісті қарағадан қорығаны үшін сағатына 6 мың, күніне 72 мың теңге ақша табатыны туралы бейнежазба жариялады. Сол секілді Америкада жүк көлігін жүргізіп, айына 5 миллион табатын Ассоль Мұхамеджанова туралы баспасөз беттері жарыса жазды.

Расымен, неліктен шетелде жұмыс істегісі келетіндер көп? Олар неге құмартып отыр? Айына миллион теңге табыс табу оңай болғаны ма? Осы сұрақтар бізді қызықтырды.

Sb **Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»**

КОРЕЯ АШЫҚ ҚАҚПА ЕМЕС

Шетелде жұмыс істеп жатқандардың парақшасына кіріп, біраз мәліметпен таныстық. Мәселен, Ақтау қаласының тумасы Перизат Тайманова жолдасымен бірге Корея Республикасында жұмыс істегеніне бір жыл болыпты. Екі баласын ата-анасына тапсырып, тәуекел етіп өзге мемлекетке жалдамалы жұмысшы болуға барған. Айтуынша, бұл елге келу үшін алдымен кедендегі тексерістен өту керек. Ол үшін, әрине, ағылшын тілін жетік білмесеңіз де, ауызекі тілде сөйлей алғаныңыз дұрыс. Ең алдымен шетелге шығатын паспортты рәсімдеп, кета толтыру міндеттеледі. Кета – Корея еліне кіруге берілетін рұқсат қағаз. Оны алу үшін біршама еңбектенуге тура келеді. Себебі, бір әріп немесе санды қате толтыру сіздің бұл елге кіру мүмкіндігіңізден айырады. Бұл рұқсат қағазды сауатты толтыру үшін, әрине, тіл білу керек немесе ақылы жазып беретіндердің көмегіне жүгінесіз. Одан кейін кедендегі тексерістен өту де үлкен маңызға ие. Ол жерде сізге ағылшын тілінде бір-екі сұрақ беріп, бұл елге қай мақсатпен келе жатқаныңызды, жалпы Корея мемлекеті туралы біліміңізді де сарапқа салады. Бір ескеретін жайт, кедендегі тексеріс кезінде жұмыс істеуге келгеніңіз туралы тіс жаруға болмайды. Сондықтан біршама қулыққа баруға тура келеді. Айталық, турист ретінде немесе емделуге келдім деген секілді негізгі себептер болуы керек. Оны нақты дәлелдейтін құжаттың болуы да маңызды. Айталық, егер турист ретінде келдім десеңіз, қайту билетіңізді, қай қонақүйге тоқталатыныңызды және алдын ала бронь жасап қойғаныңызды дәлелдеп шығасыз. Тексеріс кезінде сол қонақүйге қоңырау шалып сұрайтынын да есте ұстаған абзал. Өзге елге кірудің қаншалықты қиын екенін біле тұра, тәуекелге баратындар күн сайын артуда.

2-бет

ЖЕДЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАР

«АУЫЛ АМАНАТЫ» – ҮЛКЕН МҮМКІНДІК

Облыста ауылдағы шағын және орта бизнесті дамыту бағытында «Ауыл аманаты» жобасы бастау алды. 2,5 пайызбен жеңілдетілген несие беруді көздейтін жобаның аймақта жүзеге асырылуына биыл 3 млрд теңге қаржы бөлінген.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметінше, 20 шілдеден жобаға құжат қабылдау басталған. Жобаны ауқымдау шеңберінде берілетін микрокредиттер сенім білдірілген өкіл – «Байқоңыр» ӘКК» АҚ арқылы ұсынылады. Бағдарлама 5 бағыт бойынша қаржыландырылады. Оның ішінде өңдеу, егін, кооперацияны дамыту, мал және басқа да бағыттағы бизнес жобалар. Микрокредиттер 5 жылға дейінгі мерзімге, ал мал шаруашылығы саласындағы жобалар үшін 7 жылға дейін беріледі. Сыйақы мөлшерлемесі 2,5 пайыздан аспайды.

Бағдарламаға қатысу үшін қажетті құжаттар тізбесін және кеңес алу үшін жергілікті әкімдікке жүгінуге болады.

СОЛ ЖАҒАЛАУҒА СӘН БЕРЕДІ

Қызылорда қаласы Сырдария өзенінің сол жағалауындағы айналма жолдың ортасына кіші сәулеттік архитектуралық форма құрылысын орналастыру үшін конкурс жарияланады.

Конкурсқа қызылордалық жобалаушылар қатыса алады. Іріктеу барысында жобаның көркемдік, эстетикалық, идеялық деңгейіне мән берілмек. Қала әкімдігі жариялаған ережеге сәйкес, эскиздік жоба қала бейнесі, оның дәстүрлері мен ерекшелігін қалыптастыруда пішіні тақырыпқа, заманауи үлгіге сай болуы керек.

Айта кетсек, конкурс жаңа сәулеттік нысан арқылы көлік қозғалысының жайлылығын қамтамасыз ете отырып, қаланың сәулеттік келбетін арттыруды көздейді. Жобалар 10 тамызға дейін қабылданады. Үздік шыққан кіші сәулеттік нысандар Қызылорда қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімінің әлеуметтік желілеріне жарияланады.

ДОСТЫҚТА ЖОҚ ШЕКАРА

Корея бұғазындағы әскери-теңіз шайқасындағы жеңісті еске алу қорының төрағасы Чон Дон Хён бастаған делегация Сыр еліне келіп, «Достық үйінде» кездесу өтті.

Жиында «Қоғамдық келісім» КММ, «Қазақстан корейлер қауымдастығы» облыстық қоғамдық бірлестігі және Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетімен ынтымақтастық мәселелері талқыланып, ғылым, білім, мәдениет және тарих саласындағы үшжақты меморандумға қол қойылды.

Айта кетейік, делегация құрамында Оңтүстік Кореядан келген 40-қа жуық студент пен оқушылар өңірлік корей халқы батырлары Ге Бон У, Ом Джу-Пиль, Чхве Бон Соль ұрпақтары, корей этномәдени бірлестігінің өкілдері және жастармен кездесіп, Корея және Қызылорда арасындағы үлкен дәрежедегі достықты, жан-жақты байланысты сөз етті.

«СБ» ақпарат

ӘЛЕУМЕТТІК БАСПАНА һәм КИЕЛІ ОРЫНДАР

Алдымен аймақ басшысы «Қорқыт ата» мемориалдық кешенінде болды. 2014 жылы кешеннің музей, қылует (тілеухана), амфитеатр, стелла, қошқар мүсіні қайта жаңғыртылған болатын. Қобыз бейнелі, төрт элементтен тұратын стелланың биіктігі 12,1 метр, ені 5,3 метр, Қордай гранит тасынан жасалған.

Облыс әкімі бұған дейін де нысанда қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізген мердігер мекемеге жөндеуді қажет ететін, бұзылған тұстарды қалпына келтіруді тапсырған болатын. Бұл ретте кешенде әлі де жұмысты пысықтау қажеттігін ескертті.

Мұнан әрі Нұрлыбек Машбекұлы Марал ишан кесенесіне барды. Үш жүзге пір болған Марал ишан (1780-1853) Қостанай өңірінде туған, Қармақшы ауданында қайтыс болған.

Марал ишан – дін ғұламасы, халыққа шын ықыласымен берілген әулие кісі. Тарихи мәліметке сүйенсек, 1841-1845 жылдары азаттық үшін күрескен Кенесары ханға қолдау көрсеткендердің бірі. Ишан мешіт салып, бала оқытқан. Бүгінде кесене «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы бойынша өңірлік қасиетті нысандар тізіміне, Қызылорда облысы тарихи-мәдени мұра объектілерінің 3D форматтағы интерактивті картасына енгізілген. Кесене туралы ақпарат енгізілген QR-код тақтайша орнатылған. Алдағы уақытта Марал ишан кесенесіне апаратын жол салу жұмыстары жүргізілетін болады. Сонымен қатар, арнайы мамандардың тексеруінен кейін кесененің бүгінгі қалпын сақтап қалу үшін жөндеу жасалмақ.

Айта кетейік, бұған дейін облыс әкімі Жаңақорған ауданына жұмыс сапарында Хорасан ата кесенесінің жай-күйімен танысқан еді. XIV ғасырда салынған кесене киелі орындардың біріне айналған. Ел арасында мұнда келушілер кесене жанындағы құдықтан су ішіп, дертінен айығады деген сенім бар.

Аймақ басшысы бұл аумақ демеушілер көмегімен абаттандырылатынын айтты. Барлық жөндеу, жаңғырту жұмыстары сапалы жүргізілуі тиіс екенін ескертті.

1-бет

БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТҚА БАЙЫПТЫ КӨЗҚАРАС ҚАЖЕТ

Былтырғы жылмен салыстырғанда өсім 12,9%-ды құрады. Аймақ басшысы облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасына аталған саланың даму қарқынын төмендетпеу үшін тиісті шаралар қабылдауды тапсырды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселеде облыс әкімі өңірде бұқаралық спортты дамытуға айрықша көңіл бөлінгенін айтты.

– Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында өткен 7 айда 719 іс-шара өтіп, оларға 176 326 адам қатысты. Жыл сайын «Президенттік тестілеу» айлығын тапсыру дәстүрге айналған. Тиісінше «Президенттік», «Ұлттық» және «Бастапқы» деңгейді орындаған қатысушыларға төсбелгі мен куәлік табысталды. Биыл «Жазғы президенттік сынама айлығына», 100-ге жуық норматив қабылдау шарасына 199 747 адам қатысса, оның 797-сі «Президенттік» деңгей, 3310 адам «Ұлттық» және 4804 адам «Бастапқы» деңгей нормативін қорғады. Сол жағалаудан заманауи талаптарға сай 7000 орындық стадион, Үкімет басшысының қолдауымен құны 7 млрд теңге болатын әмбебап спорт сарайын салу мәселесі шешім тапты. Мұнан бөлек, ауылдарда 13 денешынықтыру-сауықтыру кешені биыл тапсырылады, – деді облыс басшысы.

Осы бағыттағы жұмыстарды әрі қарай жетілдіру үшін облыстық мәдениет және спорт басқармасына Қызылорда қаласы және аудан әкімдерімен бірлесіп, елді мекендерде салынатын спорт алаңдарында кешенді спорттық шараларды жыл бойы ұйымдастыру жүктелді. Аймақ басшысы «Президенттік сынама» айлығын өткізуді жандандыру, республикалық «Денсаулық фестивалі» аясында көпшілік шараларды ұйымдастыру және мүгедектігі бар азаматтарды спортқа бейімдеу жұмыстарын күшейту қажеттігін де атап өтті. Облыстық білім басқармасы жалпы білім беретін мектептер жанынан балалар мен жасөспірімдерге дене дайындығы клубтарын ашу туралы ұсыныс әзірлеуі тиіс. Сабақтан тыс уақытта мектептердің спорт залдарында тұрғындар спортпен шұғылдануы үшін мүмкіндік қарастыру қажеттігі тапсырылды.

1-бет

ТАҒАЙЫНДАУ

ҚАЙРАТ ӘБСҰЛТАНОВ – ДЕПАРТАМЕНТ БАСШЫСЫ

Сейсенбі күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте кадрлық өзгерістер таныстырылды.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен Ұлттық статистика бюросы Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы лауазымына Әбсұлтанов Қайрат Байғабылұлы тағайындалды.

– Қайрат Байғабылұлы — өңірдің әлеуметтік-экономикалық ахуалымен етене таныс, мемлекеттік қызметте сатылап өскен білікті кадр. Бұған дейін статистика және өзге де маңызды салаларда табанды еңбек еткен. Жұмыс барысында басты индикаторлар мен межелі міндеттерге қол жеткізді. Мемлекеттік міндеттерді іске асыруда деректердің ашықтығы, анықтығы және сапасы маңызға ие.

Бұл ретте, аймақтағы статистикалық деректерді қалыптастырумен қатар цифрландыруға бағытталған тың жобаларды жүзеге асыру керек. Қайрат Байғабылұлы жаңа қызметте өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы маңызды ақпараттық-статистикалық дерекқорлардың жинақталуын, тіркелуін және дер кезінде жаңартылуын қамтамасыз етеді. Ұлттық санақтардың жүргізілуін, ресми статистикалық ақпараттарды тарату жұмыстарын жүзеге асырады», – деді аймақ басшысы.

Қайрат Байғабылұлы 1977 жылы Қазалы ауданында дүниеге келген. «Болашақ» университетін «Қаржы» және «Құрылыс» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1994 жылы «Бозкөл» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің маманы ретінде бастаған. 2003-2007 жылдары Қазалы аудандық статистика басқармасының бас маманы, Жалағаш аудандық статистика басқармасының басшысы, Қызылорда облысының статистика басқармасы бастығының орынбасары лауазымдарында еңбек етті. 2007-2010 жылдары екінші деңгейлі банк пен жеке сектор тұрлі деңгейдегі лауазымдарда қызмет атқарған. 2010-2017 жылдары Қызылорда қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің бас маманы, сектор меңгерушісі, бөлім басшысы ретінде жұмыстарды үйлестіре білді.

2017-2021 жылдары Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшының орынбасары, Қызылорда облысы әкімдігі іс басқармасының директоры қызметтерін атқарды.

2021 жылдан бастап осы кезге дейін Арал ауданы әкімінің орынбасары қызметін абыроймен атқарып келді.

ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ПӘРМЕНІ

Қазіргі таңда қаламызда маңызды бірнеше әлеуметтік-мәдени нысандар бой көтеруде. Атап айтар болсақ, ауысымына 100 келушіге арналған көпбейінді аурухана, Өнер сарайы, Қан орталығы, Салтанат сарайы және Тасбөгет кентінде денешынықтыру-сауықтыру кешені, «Қарауылтөбе» мен «Талсуат» ауылдық округтерінде 150 орындық клуб құрылысы сынды маңызды жұмыс жүргізіліп жатыр. Әлеуметтік нысандар жыл аяғында табысталады деп күтілуде.

Sb **Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ, «Сыр бойы»**

Бұл туралы қалалық мәслихаттағы «AMANAT» партиясы депутаттық фракциясының жетекшісі Талғат Мақашов айтты.

– Қазіргі таңда Қызылорда қаласында үш ауысымда оқытатын 6 мектеп бар. Білім беру ұйымдары мәселесін шешу мақсатында қосымша ғимарат құрылысы жүргізілуде. Аталған мектептер жаңа оқу жылы қарсаңында пайдалануға беріледі. «AMANAT» партиясының бастамасымен еліміз бойынша сайлауалды бағдарламалардың орындалу барысы ұдайы жүргізіліп отырады. Осы кезге дейін қаламызда салынып жатқан 9 нысанға партиялық бақылау бекеттері орналастырылды, оның бесеуі білім ошағы. Жол-көліктік инфрақұрылым мәселелері де назардан тыс қалған жоқ. Елді мекендерді газдандыру бойынша да жүйелі жұмыстар жүргізілуде, – деді Т.Бақытбекұлы.

Жұмыстың жоспарға сай уақытылы әрі жүйелі жүргізілуі партия тарапынан қадағаланып отырады.

– Тұрғындар тарапынан көптеген ұсыныс-тілектер түскен болатын. Олардың басым бөлігі қаржы тапшылығы, демеушілік жасау, коммуналдық-инфрақұрылымдық және әлеуметтік сипаттағы мәселелер. Жалпы, 160-қа жуық өтініш ұсынылып, оның орындалу барысы талқылануда. Алдағы кезеңде осы бағыттағы жұмыстар да жалғасын табатын болады, – деді депутаттық фракция жетекшісі.

ШЕТЕЛДЕ ЖҮР ЖАЛДАНЫП, ТАЛАЙ ҚАЗАҚ БАЛАСЫ

Шетелге кіргеннен кейін арнайы сайт немесе жарнама арқылы қоңырау шалып жұмыс іздеудің керегі жоқ. Зауыт не болмаса егін алқаптары, мейрамханаға барып жұмыс берушімен бетпе-бет сөйлесіп, алдын ала келісесіз. Себебі, жұмыс беруші көзбе-көз көрмей сізге сенім білдірмейді. Мұнда пәтер жалдау құны біздің елмен шамалас. Бір бөлме айына 100 мың, оған коммуналдық қызметтің 25 мың теңгесін қосыңыз. Күнделікті жейтін тамақ жұмыс орнында тегін беріледі. Ал кешкі тамағыңызды өзіңіздің қалауыңызбен үйде немесе асханалардан алуға болады.

Сонымен бұл елге келгендер қандай жұмыстар істеп нәпақа табады? Зауыттың алдында жұмыс сұрап кезекке тұратындар көп. Оны жұмыс беруші өзі таңдап алады. Егер олардың берген тапсырмасын тез әрі жылдам үйреніп алсаңыз, келесі күні сізді тағы да шақыртады. Солай белсенді әрі шапшаң қимылмен, тіл табыса алатын қабілетіңізбен көзге түссеңіз, онда сізді өздері іздеп табады. Бұл елде 18 жастан жоғары өзбек, қырғыз, болгар, тәжік, қазақ азаматтары жетерлік екен. Барлығының мақсаты – пәтерге жететін ақшаны аз уақытта тауып, елге оралу. Енді бірі бірнеше жылға алған несиесін тезірек төлеп құтылу үшін келгендерін айтуда.

– Біз екі баламызды ата-анамызға тастап келдік. Мұнда кеденнен өту оңай емес. Егер кетаны дұрыс толтырмасаңыз, онда сізді кері қайтарып жібереді. Сондықтан біз тәуекелге бара алмадық. Бұл құжатты корей азаматына толтырып беруін өтіндік. Жұмысты шет жағындағы қалалардан іздеген жөн. Себебі, орталығында тексеріс жиі болады. Егер сіздің жұмыс істеп жүрген жеріңізден ұстап алса, онда кері қайтарып жібереді. Біраз тексеріске алып, бұл елге кіруге 10 жылға дейін тыйым салуы да мүмкін. Бұл мемлекетке келгенімізге бір жылдан асып барады. Келген күннің ертесіне зауытқа жұмысқа орналасып кеттім. Өйткені, мұнда жұмыс өте көп. Әйел адамдар 25-45 мың аралығында, ал ер адамдар 25-60 мың аралығында күнделікті табыс табу мүмкіндігіне ие. Мен бұл елге келіп табыс табыңыздар деп жарнама жасағым келмейді. Оны әркімнің өзі шешеді. Бір айтарым, келерде өзіңізге сенімді болып, кеденнен өтер кезде сыр білдірмей, қойған сұрақтарына асықпай жауап бергеніңіз дұрыс. Психологиялық тұрғыда өздеріңізді жан-жақты дайындаңыздар. Тіл білу – ең маңызды дүние, – дейді кейіпкеріміз.

«СОЛДАТ СЕКІЛДІ БҰЙЫРҒАН ЖЕРДЕ ЖҮРЕМІЗ»

Мұндай қара жұмыс Англияда да жетерлік. Екі елдегі жұмыс көзі мен пәтерақы, өзге де мәселелерді салыстырмалы түрде қарастырып көрелік. Ұлыбританияда ауыл шаруашылығы жақсы дамыған. Сол себепті жылыжайлар мен егін алқаптарында қара жұмысқа жегілетін тек сырттан келгендер екен. Жергілікті жердің азаматтары мұндай ауыр жұмысты істемейтін көрінеді. Екі елде де ақша күнделікті қолыңызға беріледі. Кореяда жиі рейд болып тұрады. Бірақ заңсыз жұмысқа тұру мүмкіндігі жоғары. Ал Англияда тексеріс мүлде болмайды. Десе де, заңсыз жұмысқа тұру өте қиын. Сондықтан көп адамдар агенттік арқылы жұмысқа орналасады. Заңсыз болсаңыз, салық төлейсіз. Мәселен, осы елде жылыжайда жұмыс істейтін Ақбөпе Сансызбаева сағатына 10.42 фунт табатынын, мұны 8-10 сағатқа көбейткенде біздің теңгемен 60 мыңның шамасында болатынын айтады.

Англияға жұмысқа келу үшін біздің елдің азаматтарына арналған 6 сайт бар. Сол сайттарға өтінімдерді, яғни резюмені дұрыс толтырып, жауабын кем дегенде 6 ай күтуіңізге тура келеді. Agropraktika, Agri –Hr, AG Recruitment, Fruitfuljobs, uk_work сайттары арқылы өтінім беруге болады. Осы секілді Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстан елдерінің азаматтарына арналған бөлек сайттар жұмыс істейді.

– Биылғы ауа райының қолайсыздығына байланысты құлпынай мен таңқұрай өте аз болды. Мен мұнда алғаш келгенде құлпынай жинадым. Жолдан шаршап келдің деп, екі күн демалуға рұқсат берді. Бірінші күні жұмысқа ерте шығамыз. Жататын жеріміз сол жылыжайдың жанында орналасқан. Мұнда қазақтың қыз-келіншектері, азаматтары жетерлік. Барлығымыз бір отбасындай болып кеттік. Жұмыс оңай емес. Жылыжай егелері жұмысшыларды көп алып қойған. Биылғы өнім аз болып, айына 1 миллионнан астам қаржы табамыз деп келгендердің үміті ақталмай жатыр. Оның үстіне мұнда пәтерақы мен тамақ жағы қымбаттау. Кейде айлап, апталап жұмыс болмай қалатын кездер болады. Соған дайын болу керек. Алдын ала қорыңызда ақша болған дұрыс. Өзге елге келіп, жұмыс істеймін десеңіз, «жеті өлшеп, бір кесіп» дегенді естен шығармай, жан-жақты дайындықпен, қандай қиындыққа да төтеп беретіндей шыдамдылықпен келген жөн. Қазір біз солдаттан кем емеспіз. Бір-екі минутта тамақты асап жеуді, түн жарымында ұйқыдан оянып, басқа егін алқабына кете береміз. Жұмыс беруші қай жерде болу керек десе, сол айтылған уақытта жетуге тырысамыз. Ақша табу оңай емес, – дейді Ақбөпе.

ӘРБІР ҮШІНШІ АДАМ ЖОҒАРЫ БІЛІМДІ

Иә, расымен де өзге елге барып, танымайтын мемлекеттің тыныс-тіршілігінен бейхабар адам үшін үрей болары анық. Бірақ, жат елде табыс табуға тәуекел етіп, тіл үйреніп, баспана алу үшін баратындардың ісін расымен ерлікке теңеуге болады. Таңғы төртте тұрып, ерте жұмысты бастап, кеш батқанға дейін бір жерде тапжылмай жұмыс істеуге төзім керек. Нан табудың соңында жүрген қаракөз қазақтың қыз-жігіттері көп. Мәселен, өткен жылы Қазақстанның 8 мыңға жуық азаматы жұмыс істеу мақсатында ел асқан. Олардың басым бөлігі 18-35 жас аралығында. Шетелге кеткен әр үшінші адам – жоғары білімді, әр төртіншісі – орта білімді. Ал статистикалық деректерге сүйенсек, елімізде мыңға жуық бос жұмыс орны бар. Оның ішінде есепші, күзетші, инкассатор, дүкен сатушысы, автомобиль жүргізушісі, тағы басқалар. Мамандардың айтуынша, 15 жыл ішінде елден 4,3 мың маман сыртқа кеткен. Олардың көпшілігі – техникалық кәсіпті меңгергендер.

Бізде расымен еңбек лайықты бағалана ма? Әлгіндей жұмыстар елімізде сағатына емес, күніне 3000-4000 теңге шамасында төленеді. Бірақ соның өзін күнделікті бермей, созбалап жүретіндер де жоқ емес. «Кісі ақысы, маңдай тері кепкенше» демей ме? Егер таң азаннан қара кешке дейін еңбек ететіндердің жұмысы жоғары бағаланып, уақытылы төленсе, ел кезіп несі бар? Қара жұмысшылар түгілі, қос дипломы барлар да екі қолға бір күрек таппай сенделіп жүр. Несін жасырамыз, бұл мәселенің астарында үлкен әлеуметтік проблема тұр. Жастар, жас отбасылар үшін баспана, пайызы жер жаратын несие, тағы басқа тұрмыстық түйткіл талайды табанынан тоздырып жіберді. Бұл – енді қазіргі қоғамның шынайы бет-бейнесі.

БРИФИНГ

СЫРДАРИЯ: ЖЕМІСТІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ

Биылғы алғашқы жартыжылдықта Сырдария ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуында оң өзгерістер байқалды. Жоспарланған ауқымды іс-шаралар жүзеге асып, тұрақты өсім қалыптасты. Бұл жөнінде аудан әкімі Берік Сәрменбаев өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте журналистерге жан-жақты баяндап берді.

Sb **Әділжан ҮМБЕТ, «Сыр бойы»**

– Биыл аудан бюджеті 9,6 млрд теңгеге бекітіліп, 10,7 млрд теңгеге нақтыланды. Айта кетсек, оның 63,7 пайызы әлеуметтік және инфрақұрылымдық саланы дамытуға бағытталған. Өнеркәсіп саласында оң динамика көрініс берді. Өнеркәсіп өндірісі 68,5 пайызға ұлғайса, өңдеу өнеркәсібі 3, ауыл, орман және балық шаруашылығының жалпы өнім көлемі 1,4 пайызға өсті. Инвестиция 72,4, тұрғын үй 26,9 пайызға көтерілсе, құрылыс жұмыстарының көлемі 5,3 есеге артты. Сырдария ауданының халқы негізінен аграрлық саламен айналысады. Егілген егістің көлемі өткен жылмен салыстырғанда 7,8 пайызға артты. Күріш 23,5 мың гектарға орналастырылса, қалған бөлігін басқа дақылдар құрайды. Облыс әкімінің қолдауымен су тапшылығы мәселесіне байланысты былтыр шаруашылықтарға 22 насос алынса, биыл қосымша 4 насоспен толықтырылды, – деді аудан әкімі.

Өткен жылдан бастап облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында тұрғындарға бақша дақылдарын егуге арнайы жер әзірленді. Ол былтыр 210 гектарды құрап, 865 отбасының қысқы азығын дайындауына жол ашылды. Биыл 359 гектарға дейін артып, 1105 отбасы әлеуметтік маңызы бар картоп, көкөніс, бақша егуге мүмкіндік алды. Бұл бағытта жастар белсенділік танытуда. Былтыр 2 ауылда (Айдарлы, Аманкелді) жастар бригадасы 20 гектарға егін ексе, биыл қосымша 4 ауылда құрылған жастар бригадасы 60 гектарға бақша дақылдарын орналастырды.

Ауданда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасын тұрақтандыруға мән беріліп, наурыз айынан бастап тұрақты түрде жәрмеңкелер ұйымдастырылуда. Сондай-ақ, бұл мақсатта 2 әлеуметтік дүкен халыққа қызмет көрсетеді. Оларға қажетті азық-түлік қорын толықтыру мақсатында шаруашылық құрылымдарымен меморандум жасалған. Оның ішінде ақталған күріш те бар. Мұндағы азық-түлік бағасы нарықтан 15-20 пайыз төмен.

– Бүгінде ауданда 3247 шағын және орта кәсіпкерлік нысаны жұмыс жасап тұр, – деді Берік Әбдіғаппарұлы. – Ол өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 34 пайызға өскен. Алғашқы жартыжылдықта мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар аясында құны 1,4 млрд теңгені құрайтын 184 жобаға қаржылай қолдау көрсетілді. Жыл соңына дейін тағы 10 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарлануда. Ал жеңілдетілген несие алу үшін 414 млн теңгені құрайтын 49 жобаның құжаты қаржы ұйымдарына ұсынылды. Халықтың табысын арттыру мақсатындағы «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 489 жобаның құжаты «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясына берілген.

Оның айтуынша, ауданда құрылыс және коммуналдық сала бойынша қарқынды жұмыстар атқарылуда. Биыл 7,4 млрд теңгенің 62 жобасы қолдау тауып, 6,8 млрд теңге игерілді. Жол жөндеу саласы бойынша 31 жобаға 1 млрд теңге қаржы бөлінді. Сол арқылы 27,6 шақырым жолға асфальт төсеу жоспарланды. Есепті кезеңде 14,3 шақырым жол қайта жаңғырту және орташа жөндеуден өтті.

– Ауданда электр желілерінің 70 пайызының тозығы жеткен. Осыған байланысты 2,7 млрд теңгеге Айдарлы, Аманкелді, Жетікөл, Қоғалыкөл, Шаған ауылдарының электр бағанасы мен желісі, трансформаторлар толық жаңартылуда. Ал Тереңөзек кенті мен Қалжан ахун, А.Тоқмағамбетов, С.Сейфуллин ауылдары үшін жобалар әзірленуде. Мұндай жұмыстар ауызсу құбырын жаңарту бағытында да қолға алынған. Сондай-ақ, аудан орталығы табиғи газбен толық қамтамасыз етілген. Ендігі кезекте елді мекендерде газдандыру кезең-кезеңімен жүргізіледі. Биыл Қалжан ахун ауылына газ жүргізуге 330 млн теңге бөлінді. Алдағы уақытта С.Сейфуллин және А.Тоқмағамбетов ауылдарының тұрғындары да «көгілдір отын» игілігін көруге мүмкіндік алады, – деді Б.Сәрменбаев.

Биыл ауданда 1233 жаңа жұмыс орны ашылып, бұл 57,6 пайызды құрады. Мемлекет басшысының тапсырмасымен әзірленген «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында аудан орталығында 300 орындық жаңа мектеп құрылысын салу жоспарлануда. Ауданда халық денсаулығын жақсарту үшін медициналық мекемелер жаңартылуда.

Облыстық бюджет қаржысымен Іңкәрдария, А.Тоқмағамбетов пен Қалжан ахун ауылдарындағы фельдшерлік-акушерлік бекеттері күрделі жөндеуден өткізілуде. Ал республикалық бюджеттен Н.Илиясов ауылында жаңа амбулатория құрылысы салынуда.

Көркейту-көгалдандыру, санитарлық тазалық жұмыстарына аудандық бюджеттен 97 млн теңге бөлініп, тиісті жұмыстары жүргізілуде. Биыл жасыл белдеуге 5 мың түп көшет отырғызылса, аудан орталығындағы «Майжарма» каналының бойы (145 млн) демалыс орны ретінде абаттандырылуда. Сондай-ақ, И.Тоқтыбаев көшесінің бойына 133 млн теңгеге ұзындығы 3,2 шақырым болатын тротуар мен лоток салынды.

Биыл ұлттық мәдениетті дамытуға бағытталған түрлі форматтағы 401 іс-шара өткізілген. Облыс әкімінің тапсырмасымен, демеушілік есебінде 6 ойын алаңы салынды. Ал облыстық бюджеттен бөлінген 88 млн теңгеге Тереңөзек кентіндегі спорт клубы ғимараты күрделі жөндеуден өтуде. Оған қоса биыл Бесарық ауылындағы спорт кешені пайдалануға беріледі.

Халық арасында «Ғалымның хаты, жақсының аты өлмейді» деген тәмсіл бар. Қамшының сабындай ғұмырында жұрты үшін жігерін жанып жұмыс істеген, өзі өмірден өтсе де, еңбегі естен кетпейтін жандар жеткілікті. Өлкетанушы, шежіретанушы Майдан Түйімбетов (27.05.1943ж.-7.07.2023ж.) артында өнегелі істері қалған осындай азамат еді. Зымырап өте шыққан уақыт-ай. Әне-міне дегенше ағамыздың келместің кемесіне мінгеніне де қырық күн толмақ.

ІЗІ ӨШПЕС ІЗГІ ЖАН

Қармақшы ауданының тумасы Мәкең әр жылдары білікті маман ретінде мал да емдеді, егіншілікпен де айналысты. Яғни, ердің жасы елуге толғанша тер төккен саласы – ауыл шаруашылығы. Ғұмырының соңғы отыз жылын қазақтың ауызша тарихының құнды да құнарлы көріністерінің бірі – шежіре жинақтауға арнады. Толассыз күш-жігерді қажет ететін ізденіс пен шығармашылық жолында табысқа жетудің кілтін жалғыздықтан іздеген болар, бәлкім. Осындайда АҚШ жазушысы Эрма Бомбектің: «Жалғыздық – арманшылдар таңдауы» – деген тұжырымы еске түседі.

Ұмытыла бастаған шежірешілдік дәстүр қайта жаңғырған кезеңде Майдан ағайдың өлке тарихы мен этнографиясы, діни қайраткерлері туралы дүниелері республика, облыс көлемінде жарық көре бастады. Негізгі зерделеу нысанына келсек, ол – қазіргі қазақ ұлтының құрамындағы Керейт тайпасының ата тарихы. Тарлан тарих беттері Керейт хандығының IX-XII ғасырларда Селенгадан Шығыс Моңғол құмына дейінгі аумақты алып жатқанының куәсі. Шыңғыс хан әскерінен 1203 жылы күйрей жеңілген олардың бір тобы ата жұртында қалды. Ал Орта Азияға бет бұрған бір тобы ғасырлар көшінде Жошы ұлысы, Шағатай ұлысы, Моғолстанға қарап, кейін көпшілігі Қазақ хандығына қосылса, аз бөлігі өзбек, қырғыз халықтары арасында қалды.

Уақыт көші, сындарлы кезеңдер көмескілендірген бағзы тарих пен бүгінгі заман арасындағы шежіре тінін қалпына келтіруді ең қастерлі мұратына балаған Майдан Шәдіұлы өзі теріп-жинаған материалдарды шаршамай-талмай саралап, әрдайым жаңа мәліметтермен, тың деректермен толықтырып, үнемі ізденіс үстінде жүретінді. Ол бейнебір ақиқат іздеген дәруіштей жеті жыл бойы (1996-2003 жж.) Өзбекстан (Навои облысының Зарафшан қаласы, Тамды ауданы, Керзібұлақ, Аяққұдық елді мекендері, Бұқара қаласы), Қарақалпақстан (Нөкіс, Үргеніш, Шымбай қалалары, Бируни, Қызылқала, Тақиятас, Тақтакөпір аудандары), Түрікменстан мен Қазақстанды (Ақтөбе, Ақмола, Көкшетау, Қызылорда облыстары, Алматы, Шымкент қалалары) аралады.

Керейт тайпасы тарихының білгіріне айналған шежірешінің ел қамын жеген алғадай тұлғалардың, билер мен батырлардың ерен істерін насихаттаудағы еңбегі өз алдына бір төбе. Әсіресе, Рабиға ана, шейх Баһуаддин Нақышбанди, пір Мүсірәлі Софы Әзиз туралы туындыларының маңызы ерекше. 2004 жылы жарық көрген «Софылар әлемі» (2004 ж.) жинағы – осы бағыттағы зерттеулерінің қисынды қорытындысы.

Бүгінде кәсіби тарихшылар ататек шежіресін ғылыми дереккөз ретінде мойындап отыр. Ата тарихты ұмытпау бұрынғылардың арманына, болашақтың мүддесіне жауап береді. Оқырман қолына 2006 жылы тиген «Жетіру Керейт» (2006 ж.) шежіресі – Майдан ағаның ұзақ жылғы іссапарларының толымды нәтижесі. Бірегей шежіре содан бері ағайынның арасын жақындатып, халқымыздың бірлігін бекемдеу ісіне зор үлесін қосып келеді. Орын алған кейбір объективті олқылықтарға қарамастан, кітаптың құндылығы жыл озған сайын арта түсетініне күмән жоқ. Оның деректемелік базасын толықтырып, жаңғыртып отыру – келесі шежірешілер буынына артылар қастерлі парыз.

«Ер туған жеріне» демекші, халқына қызмет ету – абыройлы міндет. Майдан Шәдіұлы осы үдеден шыққан азамат. Әлбетте, егер игі бастамаларын қолдаушылар болмаса, жалғыз өзі ештеңе бітіре алмас еді. Ілкімді ізденістер бастауы ел тәуелсіздігінің сындарлы сынақтарға толы алғашқы жылдарымен тұспа-тұс келді. Міне, тап сол кезеңде оған «Ақмешіт шапағаты» қоғамдық қорының төрағасы, мемлекет және қоғам қайраткері, академик Қылышбай Бисенов көмек қолын созды және осынау ізгілікті қадамын марқұм дүниеден өткенше жалғастырды. Атап айтқанда, баспана, күнкөріспен қамтамасыз ету, ел көлеміне және көрші мемлекеттерге іссапарлар шығыны, редакциялық-баспа және типография қызметтеріне жұмсалатын қаражаттар, т.б. тіршіліктеріне тұрақты демеушілік жасады. Әрине, аталған жұмыстарды атқару айтуға ғана оңай. Ал осынша қамқорлық жасау тек Қылышбай Алдабергенұлы секілді ел қамын ойлаған тұлға, ұлт руханиятының шынайы жанашыры, тәжірибелі ұйымдастырушының ғана қолынан келсе керек.

Майдан аға екеуміз шығармашылық байланыстан бөлек, дөңгелек дүниенің құбылыстарына қатысты сирек те болса пікір алысушы едік. Сондай сәттердің бірінде өзінің 41 жасында жалғанның қызықтарынан бас тартып, нәпсісін тыйып, жүрегі мен көңілін Хақ жолына байлағанын айтқаны есімде. Расында, ол өз басын тіккен иман жолына бар ынта-ықыласымен беріліп, алған бетінен қайтпайтын қайсар кейпінде қиындықтарға мойымай өмір сүрді.

Адал еңбегі мен өміршең ісі – марқұмның артында қалған өшпес ізі. Түп-тұқиянын, тұғырлы тұлғаларымыздың тарихын ұрпаққа мирас етудегі Майдан Түйімбетовтің іргелі жұмыстарының әділ төрешісі – уақыт пен халық. Өзі жоқ болса да, оның ізгі болмысы мен жарқын бейнесі ел жадынан өшпейді.

Қали ОМАРОВ,
ҚР Тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының толық мүшесі

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ «Солтүстік Қарабұлақ кен орнын игеру жобасы» жобалық құжатының «Қоршаған ортаға әсерін бағалау жобасы» бойынша қоғамдық тыңдау өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Тыңдау: 14.09.2023 жылы сағат 11:30-де Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №2 «а» мекен-жайында өтеді.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде енгізіледі.

Конференция идентификаторы: 893 7917 2325

Кіру коды: 759421

Бастамашы: «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ, БСН 940540000210

Өкілі: Адранов Азамат Алматович

Байланыстар: тел: 8 (7242) 27-68-68, ішкі нөмері: 98-91, Электрондық пошта/e-mail: Azamat.Adranov@petrokazakhstan.com.

Жобаны әзірлеуші: «МұнайгазҒЗЖИ» АҚ, БСН 970940000588

Өкілі: Юсупова Мира, Мурталиев Замир

Байланыстар: тел: 8-701-651-68-68, Электрондық пошта / e-mail: yussm1@nipi.kz; zamir.murtaliev@nipi.kz

Порталға сілтеме: https://ecoportal.kz/Public/PubHearings

Жоба құжаттары бойынша қосымша ақпаратты келесі электронды пошта және номер арқылы алуға болады: 8 (7242) 27-68-68, ішкі нөмері: 98-91, Электрондық пошта:Azamat.Adranov@petrokazakhstan.com.

Ескертулер мен ұсыныстар Порталда немесе Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасына тыңдаулар басталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей қабылданады.

Жергілікті атқарушы органның электрондық мекенжайы мен пошталық мекенжайы: Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы: prd@korda.gov.kz. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1, байланыс телефон: 8(7242) 60-53-69

Хабарландыру

Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Аққұм ауылы, Бейбітшілік көшесі №2Б мекен-жайы бойынша орналасқан «Спорт орталығы» сатылады. «Спорт орталығы» 2020 жылы пайдалануға берілген, жалпы ауданы 919,2 шм. Іргетасы темір бетоннан құйылған, қабырғасы қабыршақты блоктармен (ракушеблок) қаланған, төбесі металл жабынды (металлочерепица), инженерлік жүйелері қосылған (су, кәріз жолы, жарық жүйесі) ғимарат сұйық отынмен жылытылады.

Бағасы 65000000 теңге.

Байланыс тел.:
8-778-235-08-07

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.

E-mail: smjarnama@mail.ru

«Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2023 жылдың 14 маусымындағы №229 бұйрығымен «Тауарлық және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізудің, сондай-ақ коммуналдық-тұрмыстық және тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтынушы жүйелері мен газ жабдықтарына техникалық қызмет көрсетудің үлгілік шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 12 қарашадағы №117 бұйрығына өзгерістер енгізілді.

«Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы №532-IV Заңының 17-бабының 6-тармағына, сондай-ақ «Тауарлық және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 3 қарашадағы №96 бұйрығына сәйкес, «ҚазТрансГазАймақ» АҚ атынан Қызылорда өндірістік филиал тауарлық газды тұрмыстық тұтынушымен бөлшек саудада өткізу шартын (бұдан әрі – Шарт) жасасуды және газеттің осы нөмірінде орналасқан Шарт негізінде жеке тұрмыстық тұтыну үшін тауарлық газды жеткізуді жүзеге асыруды ұсынады.

Осы Шарт тұрмыстық тұтынушы осы Шарттың негізінде Жеткізуші берген газ үшін шотты бірінші рет төлеген сәттен бастап, ал жаңадан қосылған тұрмыстық тұтынушылар үшін – тұрмыстық тұтынушы қосылған желіге бірінші рет іс жүзінде қосылған кезден бастап күшіне енеді.

Тауарлық газды бөлшек саудада өткізудің үлгі шарты

_____ 2023ж.«_____» _____
(шарттың жасалған орны)

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ, бұдан әрі **«Жеткізуші»** деп аталады, (Астана қаласының Әділет департаментімен берілген заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама), оның атынан 2023 жылдың «19» шілде №70 Сенімхат негізінде әрекет ететін Қызылорда өндірістік филиалының директоры Алишев Ж.Е. бір тараптан және бұдан әрі «Тұрмыстық тұтынушы» деп аталатын бұдан әрі _____ оның атынан _____
(тұтынушының атауы)
_____
(аты, жөнінің аты, тегі, оны алу кезінде)
негізінде әрекет ететін екінші тараптан, бұдан әрі «Тараптар» деп аталатындар осы шартты (бұдан әрі – Шарт) төмендегі туралы жасасты.

1-тарау. Терминдер мен анықтамалар

1. Осы Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) газ – тауарлық газ;

2) газ тұтыну жүйесі – газ тарату жүйесінен тауарлық газды қабылдауға, сондай-ақ оны отын ретінде пайдалануға арналған газ құбырлары (желілік бөлік) мен газ жабдығы кешені;

3) есеп айырысу кезеңі – жеткізілген газдың көлемі айқындалатын, берілген газ үшін өнім беруші мен тұрмыстық тұтынушы арасында өзара есеп айырысу жүргізілетін кезең. Есеп айырысу кезеңі бір күнтізбелік айды құрайды;

4) есепке алу аспаптары – мынадай функцияларды: газды өлшеуді, жинауды, сақтауды, оның шығысы, көлемі, температурасы, қысымы және аспаптың жұмыс уақыты туралы ақпарат көрсетуді орындайтын өлшеу құралдары мен басқа да техникалық құралдар;

5) жеткізу – газды бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызмет;

6) өнім беруші – «Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Газбен жабдықтау туралы зан) белгіленген жағдайларда газды бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын тұлға;

7) смарт-картасы бар есепке алу аспаптары – тұрмыстық тұтынушы өзі төлеген газдың барлық көлемін пайдаланған кезде газ беруді жабатын салынған бекітпе клапанмен жарақталған смарт-карта арқылы ақы төлеу жүйесі бар газды есепке алу аспаптары;

8) тұрмыстық тұтынушы – тауарлық газды кәсіпкерлік қызметте пайдалану және оларды одан әрі өткізу мақсатынсыз, тұрмыстық мұқтаждар үшін сатып алатын жеке тұлға;

9) тұтыну нормасы – есепке алу аспаптары жоқ тұрмыстық тұтынушылар үшін өздері тұтынған тауарлық газдың орташа айлық көлемін көрсететін есептік шама.

2. Осы Шартта пайдаланылатын өзге де терминдер мен анықтамалар Газбен жабдықтау туралы заңға сәйкес қолданылады.

2-тарау. Шарттың нысанасы

3. Өнім беруші тұрмыстық тұтынушыға қосылған желі арқылы оның тұрмыстық тұтынуы үшін газды беруге, ал тұрмыстық тұтынушы осы Шарттың талаптарына сәйкес газ үшін ақы төлеуді жүргізуге міндеттенеді.

4. Газды тиісінше жеткізу үшін, оның ішінде тұрмыстық тұтынушы тарапынан – газбен жабдықтау жобасының, газ тұтыну жабдығына паспорттың, салынған объектіні пайдалануға қабылдау актісінің, газ құбырын салу паспортының, түтіндік және желдеткіш каналдарын тексеру актісінің, сондай-ақ газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсету шартының болуы газды жеткізу Шартын жасасу талаптары болып табылады.

5. Тұрмыстық тұтынушыны газбен қамтамасыз ету газ тарату желілері, газ пайдалану жабдықтары дұрыс техникалық жай-күйде болған кезде жүргізіледі.

6. Есепке алу аспабы, ал ол жоқ болған кезде тұтыну объектісіндегі бекітпе құрылғысы (іске қосу краны) газды қабылдау-тапсыру пункті болып табылады.

7. Осы Шарт бойынша жеткізілетін газ Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттарының талаптарына сай болуы тиіс.

8. Есепке алу мақсатында тауарлық газ көлемінің өлшем бірлігі үшін Цельсий бойынша 20 градус температурада және сынап бағанының 760 миллиметр қысымында бір текше метр газ қабылданады. Сыртқы ортаның параметрлері осы Шарттың 8-тармағында көрсетілгендерден өзгеше болған кезде, өнім беруші есепке алу аспабының паспортына не Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы №491 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №16429 болып тіркелген) бекітілген Газдың жұмыс параметрлерін стандартты жағдайларға келтіру жолымен корректорларсыз есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін қайта есептеу әдістемесіне сәйкес газдың жұмыс параметрлерін стандартты талаптарға келтіру жолымен корректорларсыз есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін қайта есептеуді жүзеге асырады.

3-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

9. Өнім беруші:

1) алынатын газ үшін тұрмыстық тұтынушы дұрыс төлем жүргізген және осы Шарттың жағдайлары сақталған жағдайда тұрмыстық тұтынушыға арналған мөлшерде қажетті талап етілетін сапалы газды үздіксіз беруді жүзеге асыруға;

2) газ тұтынуды есепке алуға, сондай-ақ осы Шартпен көзделген міндеттемелердің тиісінше орындалуын қамтамасыз етуге;

3) тұрмыстық тұтынушының жабдықтың қуатын ұлғайту және қосымша газ жабдығын орнату үшін техникалық шарттарды алуға, газбен жабдықтау схемасын техникалық жағынан күрделі емес объектілер үшін 2 жұмыс күні ішінде, техникалық жағынан күрделі объектілер үшін 5 жұмыс күні ішінде өзгертуге жазбаша өтінішті мәні бойынша қарауға;

4) қауіпсіз, авариясыз және үздіксіз газбен жабдықтауды қамтамасыз етуге және газды қабылдау-тапсыру пунктіне дейін газдың қысымын ұстауға;

5) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы газ бағасының өзгергені туралы ақпаратты тұрмыстық тұтынушының назарына жеткізуге;

6) бақылау мақсатындағы тексерулер кезінде тұтынушыға көрсетілетін қызметтік куәліктермен өз қызметкерлерін қамтамасыз етуге;

7) тұтынушы берген өтініштің және басқа да растаушы құжаттардың негізінде тұратындардың санын өзгертуді, өзара есеп айырысуларды салыстырып тексеруді жүргізуге;

8) тұрмыстық тұтынушыға тұтынылған газдың мөлшері және есеп айырысу кезеңі үшін төлем мөлшері туралы мәліметтерді қамтитын қағаз немесе электрондық түрдегі шот-хабарламаларды ай сайын ұсынуға;

9) есепке алу аспабын тексеру мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік алпыс күн бұрын тексеру қажеттілігі туралы тұрмыстық тұтынушыны хабардар етуге;

10) жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізу және жаңа тұтынушыларды қосу үшін тауарлық газ беруді тоқтатқанға дейін қырық сегіз сағаттан кешіктірмей тұтынушыны ескертуге міндетті.

10. Тұрмыстық тұтынушы:

1) осы Шарттың талаптарына сәйкес газ үшін ақы төлеуді жүргізуге;

2) газ тұтыну жүйелерін, түтіндік және желдеткіш каналдарын, оның қарамағындағы газ желілерінің учаскелерін қауіпсіз пайдалануды, түтіндік және желдеткіш каналдарын уақытылы тексеруді және тазартып тұруды қамтамасыз етуге;

3) өнім берушінің өкілдеріне қызметтік куәліктерін көрсеткен кезде есепке алу аспаптарын, газ жабдығын, тұрып жатқандардың саны жөніндегі деректердің дұрыстығын және салыстырып тексеру туралы жарамды сертификаттың бар екенін тексеру үшін газ тұтыну жабдықтарына, газ желілеріне және есепке алу аспаптарына кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз етуге;

4) өзіне тиесілі газды есепке алу аспаптарының сақталуына, техникалық жай-күйіне және салыстырып тексерілуіне, сондай-ақ өнім беруші жүзеге асырған оның пломбалануының бүтіндігіне жауапты болуға;

5) өнім берушінің техникалық талаптарын алғаннан кейін ғана газбен жабдықтау схемасын өзгертуді, тұтыну көлемін ұлғайтатын жабдықты және қосымша газ жабдығын орнатуды және іске қосуды жүргізуге;

6) газ тұтыну көлеміне және оған ақы төлеуге (тұрып жатқандар санының өзгеруі, жылытылатын ауданның мөлшері, газ жабдығының қуаты) әсер ететін деректердің жай-күйі және болған өзгерістер туралы өнім берушіні жазбаша түрде хабардар етуге міндетті. Тұрмыстық тұтынушы болған өзгерістер және есепке алу аспабынсыз газды тұтыну, оның жарамсыз екені не газ жабдығының параметрлеріне сәйкес келмейтіндігі туралы хабарламаған жағдайда, тұтынылған газдың көлемі өнім берушіде бар деректер бойынша есептеледі. Бұл ретте газ үшін қайта есептеулер тұрмыстық тұтынушы растайтын құжаттарды қоса бере отырып, тиісті өтінішті берген сәттен бастап жүзеге асырылады;

7) осы Шарттың талаптарына сәйкес газды оның тікелей мақсатына қарай ұтымды пайдалануға;

8) паспорт деректеріне сәйкес оны пайдалану мерзімінен асып кеткен кезде, газ жабдығын ауыстыру бойынша шаралар қабылдауға;

9) пломбаның зақымданғаны немесе бүтіндігінің бұзылуы, есепке алу аспабының ақауы немесе тоқтауы анықталған кезде газ тарату ұйымына немесе топтық резервуар қондырғысының иесіне осындай ақаулық анықталған немесе бұзылған күні осы факт туралы дереу хабарлауға міндетті.

11. Өнім беруші:

1) уақытылы және толық мөлшерде газ үшін ақы алуға;

2) газдың тұтынылуын есепке алуды жүзеге асыруға;

3) кранды қосатын жерден жауып, одан әрі пломба салып немесе тұрмыстық тұтынушыны алдын ала хабардар етпей, дәнекерлеу үшін ажырату арқылы газ беруді тоқтату үшін негіз болған себептерді жойғанға дейін тұрмыстық тұтынушыға газ беруді мына жағдайларда тоқтатуға:

тұрмыстық тұтынушы пайдаланылған газ үшін ақы төлеу тәртібін бұзған кезде, қызметтер көрсетуді тоқтата тұрғанға дейін кемінде күнтізбелік он күн бұрын тұрмыстық тұтынушыны алдын ала хабардар ете отырып,

тұрмыстық тұтынушыны кемінде күнтізбелік 5 күн бұрын мынадай жағдайларда:

- өнім берушінің техникалық шарттарын алмай-ақ газ желілерін қайта жабдықтағанда;

- өнім берушінің өкілдерін қатарынан екі есеп айырысу кезеңі бойы газ жабдығына, газ құбыры мен есепке алу аспаптарына (олар болған жағдайда) жібермеген жағдайда алдын ала хабардар ете отырып;

тұрмыстық тұтынушыны алдын ала ескертпей, мынадай жағдайларда:

- тұтынушы газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің қауіпсіздік талаптарын бұзса;

- газды заңсыз тұтынуға әкеп соққан газбен жабдықтау жүйесіне өз бетінше және/немесе заңсыз қосылса;

- газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің техникалық ақауы болса газ беруді тоқтатуға құқылы.

Газ беруді тоқтату (шектеу) туралы хабарлама тұтынушыға электрондық поштамен, пошта жөнелтілімімен, қысқа мәтіндік хабарламамен, мультимедиалық хабарламамен, қолданыстағы мессенджерлермен не хабархаттың немесе шақырудың тіркеліп-бекітілуін қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдары пайдаланыла отырып жіберіледі.

Тұрмыстық тұтынушыны газбен жабдықтауға қосу пайдаланылған газ үшін қарызды, тұрақсыздық айбыбын және газбен жабдықтауды ажырату және қосу жөніндегі көрсетілген қызметтер үшін ақы толық төлегеннен кейін жүргізіледі;

4) ажыратқанға дейін кемінде қырық сегіз сағат бұрын тұтынушыны алдын ала хабардар ете отырып газ құбырларындағы жөндеу-алдын алу жұмыстарын жүргізген кезде, сондай-ақ азаматтардың денсаулығына, өміріне, мүлкіне, қоршаған ортаға қауіп тудыратын авариялардың алдын алу және жою жөніндегі шұғыл шараларды қабылдау үшін тұрмыстық тұтынушыға уақытша газ беруді тоқтатуға;

5) газ жабдығы, есепке алу аспабы, жылытылатын алаң, тұратын адамдардың саны, құрылыстардың бар-жоғы туралы мәліметтер, сондай-ақ газды есепке алу және газ тұтынуда көрсетілетін деректер алуға құқылы.

12. Тұрмыстық тұтынушы:

1) осы Шартта ескерілген, белгіленген сападағы газ алуға және пайдалануға;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен және осы Шарттың талаптарына сәйкес газдың бағасы туралы ақпарат алуға;

3) есепке алу аспабы болмаған кезде алдын алу және жөндеу жұмыстарын жүргізуге кеткен уақыттағы үзілістер үшін газға ақы төлеуді жүргізбеуге;

4) көп қабатты тұрғын үйдің сенімді тұлғасы арқылы кондоминиум объектісін басқару органы мен өнім беруші арасындағы ынтымақтастық шартын жасасуға;

5) өнім берушімен қағаз жеткізгіште шарт жасасуға құқылы.

4-тарау. Ақы төлеу тәртібі

13. Тұрмыстық тұтынушы газ үшін төлемді ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 25-не дейінгі мерзімде жүргізеді.

Смарт-картасы бар газды есепке алу аспабын пайдаланған кезде газ үшін ақы төлеу өнім берушінің шотына қажетті газ көлемінің құнын аудару жолымен жүргізіледі.

14. Есепке алу аспабының көрсеткіштерін өнім берушінің өкілдері тұрмыстық тұтынушымен бірлесіп ағымдағы айдың жиырмасынан кейінгі мерзімде алады. Пәтерде немесе жеке үйде тұратын тұрмыстық тұтынушының кінәсінен екі есептік кезең ішінде пәтерде немесе жеке үйде орналасқан есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алу мүмкін болмаған кезде, өнім беруші тұрмыстық тұтынушының есепке алу аспабының нақты деректері бойынша кейіннен қайта есептеу арқылы көрсетілген кезең үшін газ тұтынуды тұтыну нормасы бойынша есептейді.

15. Есепке алу аспабының жарамсыз екені анықталған кезде тұтынылған газды есептеу соңғы тексеру жүргізілген күннен бастап анықталған күнге дейінгі, бірақ тұрмыстық тұтынушы жүргізген төлемді ескере отырып, екі айдан аспайтын кезең үшін қолданыстағы газ тұтыну нормалары бойынша жүргізіледі.

16. Тұрмыстық тұтынушының есепке алу аспабын тексеру мерзімі өткен жағдайда тұтынылған газ көлемі үшін есеп айырысу мерзімі өткен күннен бастап қолданыстағы тұтыну нормасы бойынша жүргізіледі. Есепке алу аспабының көрсеткіштері бойынша қайта есептеу тексерудің оң нәтижелері болған жағдайда, бірақ алты айдан аспайтын мерзімге жүргізіледі.

5-тарау. Тараптардың жауапкершілігі

17. Газ үшін ақы төлеу бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған тұрмыстық тұтынушы қарызды толық өтеген сәтке дейін әрбір мерзімі өткен күн үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің қайта қаржыландыруының 1,5 еселік мөлшерлемесі көлемінде тұрақсыздық айыбын төлейді, бірақ тұрақсыздық айыбының сомасы газ үшін ақы төлеу жөніндегі берешек сомасының он пайызынан артық болмауға тиіс.

18. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 3 қарашадағы №96 бұйрығымен бекітілген Тауарлық және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізу және пайдалану қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №9936 болып тіркелген) (бұдан әрі – Қағидалар) 36-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген бұзушылықтар кезінде өнім беруші Қағидалардың 47-тармағының 1) тармақшасына сәйкес газдың шығысын қайта есептеуді жүргізеді.

19. Өнім берушінің өкілі осы Шарт бойынша тұрмыстық тұтынушы жіберген бұзушылықтар туралы актіні екі данада ресімдейді, олардың бірі тұрмыстық тұтынушыға беріледі. Актіге техникалық құралдарды қолдана отырып, бұзушылықтар (фото - және/немесе бейнетіркеу) тіркелген жағдайда, тұрмыстық тұтынушы оған қол қоюдан бас тартса да акт жарамды болып табылады, бірақ ол туралы жазба жазылады.

20. Тараптардың өз міндеттемелерін орындамауына әкеп соқтырған еңсерілмейтін күш салдарынан (дүлей зілзалалар, апаттар, төтенше жағдай режимін енгізу, халықаралық шарттың қолданылуын бұзу/тоқтата тұру, газ тасымалдау жүйесіндегі авария) туындаған мән-жайлар себебінен осы Шарттың талаптарын орындамағаны үшін Тараптар жауапкершіліктен босатылады.

6-тарау. Қорытынды ережелер

21. Шарт оны жасасқан сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады және газ тұтыну жүйелерін пайдалану кезеңінде, ал есеп айырысулар мен қаржылық міндеттемелер бойынша – олар толық аяқталғанға дейін қолданылады.

22. Тұрмыстық тұтынушы өнім берушіні кемінде күнтізбелік отыз күн бұрын жазбаша хабардар еткен кезде және пайдаланылған газға төлемақы, төлем құжаттарында көрсетілген кезде – араласқаны, өз бетімен қосылғаны үшін өсімақы, есептеулер толық төленген жағдайда біржақты тәртіппен осы Шартты бұзуға құқылы.

23. Осы Шарттағы даулы мәселелер бойынша келісімге қол жеткізілмеген кезде даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

7-тарау. Тараптардың заңды мекенжайлары:

Жеткізуші:

«ҚазТрансГазАймақ» АҚ
Мекенжай: 010000,
Қазақстан Республикасы,
Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы,
Әлихан Бөкейхан көшесі, 12 ғимарат
БСН 020440001144
Жүк жөнелтуші Қызылорда өндірістік филиалы
Мекенжай: Қызылорда қ.
Сердалы Бекшораұлы көшесі №1
Телефон/факс: 8/7242/551742,551743
e-mail: kyzylorda@ktga.kz
Филиалдың БСН: 070341004675
ИИК: KZ806010201000027651
БИК:HSBKKZKX
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ

Қызылорда ӨФ директоры
Алишев Ж.Е._____

МО

Тұрмыстық тұтынушы:

Т.А.Ә._____
Мекенжай:_____
ЖСН_____
Телефон_____
e-mail_____
жеке куәліктің №_____

_____берілген

Тұрмыстық тұтынушы

Т.А.Ә._____

БАЙҚАУ

Әжелер салған ән қандай?

Облыстық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен әжелер ансамбльдерінің облыстық байқауы өтті.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ, «Сыр бойы»

Асыл әжелердің, әйел-аналардың мәртебесін арттырып, отбасылық құндылықтарды насихаттауды мақсат еткен «Ақ жаулығым – тұмарым» атты шарада облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев ұлттық тәрбиедегі қазақ аналарының рөліне ерекше тоқталып, облыстың түкпір-түкпірінен келген өнер ұжымдарына ризашылығын білдірді.

– Әлімсақтан әжелеріміз – тәлім мен тәрбиенің тұма бастауы бола білген. Олар қай кезде де ағайын-туманың бірлігін сақтап, әулеттегі абысын-ажындардың ақылшысы атанған. Сондықтан бұл шараның келіндеріміз бен бойжеткен қыздарымыз үшін өнегесі мол, – деді Серік Әбішұлы.

Байқауға облыс орталығы мен аудандардан 10 ансамбль қатысып, «Қызым, саған айтамын, келінім, сен тында», «Қолөнер – зор өнер», «Ән – халық мұрасы» бөлімдері бойынша өзара бақ сынады.

Республикалық, облыстық деңгейде өткізілген байқауларда жүлдегерлер қатарынан көрініп жүрген әжелер сайысы тартымды да тартысты өтті.

Жарыс қорытындысы бойынша Жалағаш ауданынан қатысқан «Асыл әжелер» ансамблі жеңімпаз атанды. Екінші орын Шиелі ауданынан келген «Ақ әжем – алтын қазынам» ансамбліне бұйырды. Үздік үшінші орынды Сырдария ауданынан «Ару ана» ансамблі иеленді.

Барлық қатысушылар мен жеңімпаздарға арнайы алғыс хаттар мен қаржылай сыйлықтар табысталды.

Иә, «Алып анадан туады, арғымақ биеден туады» деп тегін айтылмаса керек-ті. Әже көкейіндегі иба ұрпақ жадында жаңғырып жатса, ертеңгі ел мерейі емес пе?! Байқау барысында айтылған өнегелі өсиет, орындалған іс осыған саяды.

«Сыр бойын» ақпараттық агентігінен де (сайттан) оқыңыз

ТӘРБИЕ ТІНІ

Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі

Негізінде, бес-алты жасар ер баланың болмысында болашақ атпал азамат, дәл сондай қыз баланың болмысында болашақ ақ жаулықты ана жатқанын ұмытпаған абзал-ау. Ұлтымыздың ұғымында әр отбасындағы жатжұрттық деп жаратылған қыз бала түбінде бір шаңырақтың түтінін түзу шығаратын келісті келіні, сол шаңырақтың ұйтқысы, ұрпақ тәрбиесін жолға қоятын аяулы ана деген түсінік қалыптасқан және ол дұрыс та, ақылға қонымды.

Ашық дерекқоздан алынды.

«Қыз баланың қабағында құт болады, қыз баланың қабағы ашық болса, сол әулеттен қырсық қырық қадам қашық болады» делінеді қазағымыздың қанатты қағидаларында.

Құран Кәрімде жиырма бес пайғамбардың есімдері аталады. Солардың бірі Нұх ғ.с. пайғамбар. Нұх ғ.с.-ның Хам, Сам, Жаппас атты үш ұлы, Уәсила есімді бір қызы болыпты. Пайғамбар ғ.с. үнемі қызына құрмет көрсетіп, еш дауыс көтермей, ас-ауқаттың кезінде үнемі төрге отырғызады екен. Қызы сол құрметке сай болып ата-анасын, ағаларын сыйлап өседі. Уәсиланы әкесінің төрге отырғызғаны ағасы Хамға ұнамайды. Бір күні ол әкесіне: «Әке, Уәсиланың жасы бізден кіші, ұлдың мәртебесі жоғары емес пе, ол неге бізден ілгері отырады?» дейді. Сонда Нұх ғ.с.: «Біздің ризық-несібеміздің мол болуы, бе-реке-бірлігіміздің бекем болуы Уәсилаға байланысты. Құт қыздың айналасында жүреді, оны босағаға отырғызсаң шамданады, төрге отырғызсаң қуанады. Орны жайлы болса кеткісі келмейді» депті. Содан бастап ағалары Уәсиланы төрге отырғызатын болыпты.

Домалақ ананың тұрмыс құруы жайлы аңыз да неткен тартымды. Бүгінгі бойжеткендердің бой түзеп, ой түюіне әбден жеткілікті болар еді-ау. Қыз кезінде су алуға келіп құдыққа құлап кетіп ернеуінен ұстап үлгерген Нұрила қызды, сол ауылға қонаққа келіп жатқан жігіт ағасы Бәйдібек атамыз жанұшыра шыңғырған дауысын естіп, білегінен тартып шығарып, құтқарып қалыпты. Кейіннен күллі қазаққа Домалақ ана атымен танылған сол Нұрила қызға құда түсушілер көбейе бастағанда әкесіне: «Әке мені Бәйдібек биге бергеніңіз дұрыс болады, өйткені мені құдықтан шығарғанда білегімнен ұстап қойған» депті. Сөйтіп, Домалақ ана атанған Нұрила қыз он тоғыз жасында Бәйдібек биге ұзатылыпты.

Осы тектес арды, ұятты, абыройды, намысты алға сала отырып тектіліктің төріне шыққан қазақтың қылықты қыздары, асыл аналары туралы аңызға бергісіз ақиқаттар жетерлік. Ондай асылдың сынықтары бүгінгі күні де баршылық, тек олар ешқашан көзге түсуді мақсат санамайды, ері менен арын ойлай отырып, азаматын алдына сала әрекет етеді, қоңторғай өмір кеше жүріп те, қарашаңырақтың ұйтқысы болуымен бірге қызмет тетігін қатар ұстай жүріп те әулетке, ауылға, елге сыйлы болады, саналы ұрпақ тәрбиелеп шығару үшін аянбайды.

«Ата даңқымен ұл өседі, ана даңқымен қыз өседі, бір ұл балаға тәрбие беру арқылы бір ер-азаматты тәрбиелеп шығарасыз, бір қыз балаға тәрбие беру арқылы бір жанұяға тәрбие сіңіресіз» дейді даналық тәмсілі. Әлгіндей аналар ел-халыққа адал қызмет жасайтын саналы да, сапалы ұл-қыз тарту етеді. Ұлт болашағы, талбесіктен бастау алуы тиіс тәрбие тетігі ерге де, әйелге де ортақ екені рас. Әйтсе де, жанұяға жылу беретін, жолы жіңішке делінетін әйел затының отбасы тәрбиесіне әсері, үлес салмағы, табиғатынан қаталдау, түздің адамы саналатын ерлерге қарағанда басымдау ма деп ойлайсың. Өйткені, көп жағдайда бала атамыз қазақ айта беретін жақындығы жездедей-ақ әкеден гөрі, тар құрсағын кеңітіп, тоғыз ай он күн көтеріп жарық дүниеге әкелген анаға жақындау болады, оның қасы мен қабағына көбірек қарағыштайды, көбірек төңіректейді, анаға деген аяушылығы басымдау болады. Оның айтқаны дұрыс болса да, теріс болса да талқыламай орындауға тырысады. Ал, бұл маңызды мүмкіндікті, бала тәрбиесінің, бала болашағының ертеңін ойлайтын саналы ана отбасының іргесін бекемдеп, шаңырағын шайқалтпау, түтінін түзу шығару үшін, қоғамға пайдасы тиетін ұл, қылықты қыз тәрбиелеп шығару үшін орнымен пайдаланса, ақылы кем, таяз ойлайтын әйел заты өз дегенімен жүріп-тұру, отбасын, ер-азаматын тұқыртып ұстау үшін ғана қолданады. Бұл біздің бүгінгі қоғамның өмір шындығына айналғалы қашан.

«Әйел десем әпкеме тиеді» деген бар ғой. Көпке топырақ шашу күнә болар еді. Алдында айтқандай, аяулы аналар, апа-қарындастар, келісті келіндер жетерлік. Тіпті ел арасында кездесіп қалып жататын жаман әдетке үйірсек ерлерін елдің алдында жаманын жасырып, Құдай сүйер қылығы болмаса да әлдеқандай қылып әдемі көрсетіп, абыройын ойлап отбасын айрандай ұйытып отырған әйел-аналар да аз емес. Бір отырыс аяқталуға жақын қалғанда келінін ерте келген туыстық жақындығы бар ағамыздың әйелі: «ойпырмай, шалым обедке келетін еді, тамағын, жуынатын суын дайындауым керек еді, уақытылы дайын болмаса көңіл-күйі тез қалпына келе қоймайтын еді» деп мазасызданып, өзі де асығып, келінін де асықтырып қайтып кетті. Бұл да бүгінгі күннің біраз ер-азаматтарына бұйыра қоймаған артықшылық және бір жағы келінге тәрбие десек, артық айтқандық болмайтын шығар.

Жарты ғасырдың арғы жағында мектепте оқып жүргенімізде бірге оқитын кластасымыздың үйіне барып тұратынбыз. Ол баланың анасының шектен шыға тентектігі есімізде қалып қойды. Қашан көрсек те аузы айқайдан босамайтын, енесін, күйеуін бір шыбықпен айдайды десе болады, нәті жуас кластасымыз да біз барған кезде қатты қипақтап, қиналатын. Бала болғасын себебін біз қайдан білейік, бір күні әлгі әйел қалт-құлт етіп қорадан сиыр сауып шығып келе жатқан енесінің қолындағы сүті бар шелекті жұлып алып, енесінің үстіне аудара салды. Мұндай озбырлықты көрмеген біз зәреміз ұшып содан кейін ол үйге бармай кеттік. Кластасымыз жалғыз бала болатын, кейінірек анасы баласына қалындықты өзі таңдап, өзі алып берді. Жылдар өтіп жатты, өмір соқпақтары әр тарапқа бағыт алып, байланысымыз үзілсе де, ел іші болғасын хабары естіліп тұрды. Баласына өзі таңдаған келін бірнеше балалы болған, уақыт өте келе өзін таңдаған ненің екі аяғын бір етікке тығып дегендей, әлгі әйелдің бір кезде отбасына көрсеткен азарын артығымен алдына келтіріпті. Ақыр соңында кезіндегі адуын әйел ауыр науқасты болып төсек тартып жатып, ұзақ қиналып өмірден өткен. Енді қазір дегені болып тұрған келін де зейнет жасына жетіп, балдары үйленіп өзі де келін түсіріп жатқан көрінеді.

«Қысастық қияметке кетпейді» дейді хадисте. Оның да алдында не күтіп тұрғанын кім болжапты. Ұрпағының болашағын ойлаған ата-ана «ұяда не көрсе ұшқанда соны ілетін» бала тәрбиесінің тал бесіктен бастау алса ғана бақыты баянды болатынын ұғына білгені жөн болар еді.

Әлімжан ҚИЯС.
Әйтеке би кенті

МӨЛТЕК СЫР

Ашық дерекқоздан алынды.

РЕНІШ – МЕНІҢ РЕКВИЕМ

Ол маған келе жатты. Иығында сары сөмкесі. Әдеттегідей... Сондай сұлу! Там-тұмдап көзінен жас тамады. Әр тамшысы жүректі тесіп кетердей. Жер қалай шыдап тұрсың. Жыламай... Жо, жоқ аспанның көзі жасаурап жатыр екен ғой. Бабаурайды ғой баурай. Сол сезімнен, сол кезіннен аумай. Қандай мұңлы. Сондай сүрең.

Ақын жүрегі жаураған. Сосын қыздың денесі. «Суық жер қойнына алғанша арамыз суымасын-шы», деді менді қыз. Енді біз қайтер екенбіз!? Соғысы үдеп, жүрек жүдеп барады. Жапырақсыз қалған теректей телміріп қаппын. Меңдім мені құшақтап алды.

Қара бұлтты қақ жарып найзадай найзағай соқты. Оның жүрек соғысы сынды. Жасын да оған жетеғабыл еді. Күрсініс. Булыққан ыза. Рай да дәл ондай ашулы емес болатын. Мен де. Меңдім менің құшағымда тұрды. Мен оның жүрегінде. Бірақ, әппақ арудың өкпесі қарақазандай тұғын. Кімге!?

Менді қыз үйінің жалғыз жапырағы. Үзілмегенін, қурамағанын, көктемдегідей мәңгі көктеп тұрғанын қалайтын әкесі бар. Анасы қызын дүниеге әкелу барысында өмірден озып кеткен. Сосын ба, қазалы, жазалы аруға айналғаны. Тағдырдан қайғы алғаны. Бәймәлім. Әкесі «Анаңның жаны саған қонған» деп оны ешбір еркек кіндіктіге бермейтінін, күйеуге тимейтінін ескерткен. 17 жыл бұрынғы қаза әкенің есін де, көңілді кешін де ала кеткендей. Қабір астындағы қасиетті оның қайта қазып алуына қауқары жетпейтін еді. Есесіне менің Меңдім булығып бойжетті. Тұп-тура тұңғиық гүліндей.

«Тағы да түн. Айдың сәулесі денеңді күйдіргені несі? Жарқырауықтарға сыр айтасың ба, мұңайтасың ба оларды? Сен неге жылайсың, түсінбедім. Жұлдыздар жылап ағады сезімің үшін. Кешір. Бүгін сен туған түн екен ғой. Алты қат жер астындағы анаңды, жеті қат жамылған бабаңды жоқтайтын мезет қазір. Әлде, туған күн тойлағың келеді ме?». Әкенің он жеті жыл алақан мен Меңдімнің маңдайына жырып жазған жыры осы.

Көз жасын шарап қылып ішіп, өз басын ұйыққа тыққан әке әлемі басқа. Сарша тамыздың алғашқы жұлдызы оның отау тіккен күні. Болашақтан бақыт күткен күні. Ол той болған орында екі адамға тапсырыс беріп, өзі жалғыз үйленген күнін атап өтеді. Жыл сайын сүйтеді. Мұнын ішеді, құса төгеді. Темекіні теріс шегіп, ит сорпасы шығып отыратын.

Қасиет кеміп, жер беті қасіреттерге толса, көк аспан қайтсін жыламай. Тағдыр да тек қана жүрегі барларды еңіретіп қояды емес пе?

Боз дала, боз аймақ, боз үй, бозарған жүз, бозданған жүрек. Оның өмірі. Кезекті рет Меңдім іздеп келді. Жаңбыр жауа сала ақын жүрегін сағынатын. «Нөсер құдайдың көз жасы» дейтін ол. Бұл тәнірмен, оның анасымен тілдесетін сәт. Мен оның тұтқасы іспеттімін. Құшақтаса, қолымнан қысса ғана басқа әлемге кетіп, тіпті мені де ұмыта салатын. Тарыдай менде талай сері жігіттің таба алмай кеткен бақыты бар еді. Меңдім аққудан да ақ, аспаннан да кіршіксіз көңіл іздеді. Үмітін үзбеді.

Бірақ, басқа базынасын жеткізген бұл жолы. Тырбаңдап тырна тізбекке қосылғысы жоқ әкені ажалдың оғы атып түсіріпті. Сағыныштың уын уыстап ішіп жүрген жалғыз жапырағым сарғайып кеткені соншалық, үндеуге дәрмені жоқ. Кімді күндейді, кімді тілдейді. Білмейді.

Ақын және ару. Жер бетінде біз ғана қалдық. Аққаланы құшақтап жылынған жүрек секілдіміз. «Жебе қадалған жүрек». Неге? Меңдім жаңбырдан да жиіркеніп кетті. Ол өзін маған сыйлады. Біз бал тамған бұлттың арасында бал айын өткіздік. Ай аймалап, жұлдыз жылытты, күн көңілімізді көтерді. Ақын жүрегі жырдан жауын шашты, бірақ, тағдырдың қабағынан қар мен зар жауып тұрды.

Сағаттар сырғып, жылдар жылжып жатты. Бақытты едік. Мен жырға, ол ұлға толғатып жатты. Шыңғырғаны жанымды шымшып алардай. Шылбыр ұстарым келе жатыр. Дәрігер солай деген. Бәрібір, тек жұмақты иіскейінші. Тәнір жылап тұрған түні, тарпаң тағдырдың желөкпе желі менің Меңдімді, жалғыз жапырағымды үзіп алып кетті. Бауыр етім екеумізді тағы жалғыз қалдырып... Жалғыз!

Тоқал там. Терезеге телмірген тентек ұлым. Ал, мен мейрамханадамын. Үйленген күнім. Екі адамға тапсырыс бердім. Жалқымын... Оны күтіп! Біздің махаббатымыз үшін ішейікші, Меңдім! Мен саған ренжіген жоқпын...

А.СЫРЛЫБАЙ

ҚҰҚЫҚ ҚҰРЫҒЫ

600 МЛН ТЕҢГЕ ЖЫМҚЫРҒАН

Қызылорда облысында банк қызметкері 600 млн теңгеден астам қаржыны жымқырған. Анықталғандай, контроллер-кассир шамамен 1 млн теңгеден 4 млн теңгеге дейін ақшаны бөлшектеп, кассадан қолды еткен.

«Банктің 2021-2023 жылдар аралығындағы бейнебақылау камераларының жазбалары тексерілді. Онда кассадан халаттың жеңіне оралған ақшаларды шығару арқылы ұрлау фактілері тіркелген. Күдікті жасаған қылмыстық құқық бұзушылықты толық мойындады» делінген хабарламада.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында букмекерлік кеңседен оның атына тіркелген шотынан ақпарат алынып, кейінгі 3,5 жылда есепшотқа 158 млн теңге түскені анықталды. Сонымен қатар оның атына және жұбайының атына тіркелген абоненттік нөмірлерден букмекерлік кеңселердің есепшотына ақша аудару бойынша операциялар жүргізілгені туралы ақпарат келіп түсті. Күдікті уақытша ұстау изоляторына қамалды. Сотқа дейінгі тергеу жалғасып жатыр.

МАС КҮЙДЕ КӨЛІК ЖҮРГІЗГЕН

Қызылордалық полицейлер демалыс күндері рейд барысында 395 әкімшілік құқық бұзушылықты анықтады. Оның ішінде 3 жүргізуші мас күйінде көлік жүргізгені үшін ұсталды.

«Мас күйінде көлік жүргізу деректері бойынша полицейлер әкімшілік хаттама толтырып, тиісті шешім қабылдау үшін құжаттарды сотқа жолдады» делінген полиция басқармасының хабарламасында.

Одан бөлек, жүргізушінің қауіпсіздік белдігін тақпаудың – 53, автокөлікті басқару кезінде телефонды пайдаланудың – 9, жаяу жүргіншілердің жүруіне басымдық бермеудің – 22, жаяу жүргіншінің жол ережесін бұзудың бір дерегі анықталды.

ШЕТЕЛДІК ТУРИСТЕР ҰСТАЛДЫ

Жүк пойызына отырып Қызылорданы айналып шықпақ болған нидерландылық 24 жастағы жігіт пен германиялық 25 жастағы бойжеткен ұсталды.

Шиелі стансасындағы желілік полиция бөліміне «Әскерилендірілген темір-жол күзеті» ЖШС қызметкерлерінен вагондардың бірінде бейтаныс адамдар жүргені жөнінде хабарлама түскен. Тексеру кезінде көлік полицейлері Батыс Еуропадан келген екі туристі анықтады. Олар жүк пойызына «қызық көріп, көңіл көтеру үшін мінгенін» айтқан.

«Құқық бұзушылардың үстінен ҚР ӘҚБтК-нің 560-бабы 1-бөлігі (Жүк пойыздарында заңсыз жүру) бойынша әкімшілік хаттама толтырылып, әрқайсысына 5 АЕК көлемінде айыппұл салынды» делінген хабарламада.

«СБ» ақпарат

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына
сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен
сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және
қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің
түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп,
«ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы
«Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А". | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 22514 | Тапсырыс №1207 | Кезекші редактор **Ержан ҚОЖАС**